

тікелей багынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына багытталған әрекеттері енбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануга әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеменің директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлердің қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмыска қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін айқындаиды;
- 11) сыйбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру ұйымдарында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша шаралар қабылдайды;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және Қарағанды облысы білім басқармасының «Шет ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен оған жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5 тарау. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін бағасы оның тенгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі: